



«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

# Кітапхана тынысы

# Библиодайджест

Арқалық қаласы  
2025 жыл

# Мазмұны

## БИБЛИОГИД

- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

## 1 бөлім

## Библиогид

# Мен биыл біріншімін

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде ақпараттық қоғамдағы кітаптың рөлін көтеру, жас оқырмандарды кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу, кітапхана жарнамасын дамыту мақсатында дәстүрлі жылдың бірінші оқырманына арналған «Мен биыл біріншімін» атты оқырман бенефисі Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің 3 «Ә» сынып оқушысы Тұрақ Нұрайым Сайлауқызымен өткізілді




# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жүрегі жырдан жаралған

Қызмет көрсету бөлімі «Аманат» партиясы Арқалық қалалық филиалымен бірлесіп «Кітап – Аманат» мәдени - ағартушылық орталығында қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, ақын, жазушы Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналған «Жүрегі жырдан жаралған» тақырыбындағы поэзия сағатын өткізді.

Іс-шараға

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенттері қатысып, ақынның мол мұрасымен танысып, рухани дүниесін байытып қайтты.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Бір ел-бір кітап



Мәдениет және ақпарат министрлігі ҚР Ұлттық Академиялық Кітапханасының бастамасымен «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында 2025 жылы ақын, жазушы Тәкен Әлімқұлов және ақын Жұмекен Нәжімеденов шығармалары тандалды.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Оқы және Жең



Қазіргі әлемде адам жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті тұлға болуы керек. Бұған қол жеткізуге кітап көмектесе алады. Кітапты тұрақты оқу өз ойыңды анық тұжырымдауға, қарым – қатынас шеңберін кеңейтуге, қызықты сұхбаттасушы болуға және өмірден ләззат алуға мүмкіндік береді.

1 ақпанда III облыстық «**#ОқыЖәнеЖең**» онлайн кітап оқу байқауы басталады. Қостанай облысының әрбір тұрғынының кітап оқып қана қоймай, ол үшін 100000-нан 200000 теңгеге дейін ақшалай сыйлықтар алуға мүмкіндігі бар.

Байқау қазақ және орыс тілдерінде үш жас санаты бойынша өткізіледі.

-10 жастан 14 жасқа дейін (қоса алғанда)

-15 жастан 18 жасқа дейін (қоса алғанда)

-19 жас және одан жоғары

Қатысу үшін барлық ниет білдірушілер 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап байқаудың ресми сайтында – [http:// kitap10kz](http://kitap10kz) тіркеліп, сайтта көрсетілген сілтеме бойынша Telegram-дағы өз жас санаттары тобына өтуі және белгіленген мерзімде қазылар алқасы мен тартылған сарапшылар өз санаттары үшін таңдаған кітаптарды қазақ немесе орыс тілдерінде оқып шығуы қажет және белгіленген күні онлайн тестілеуден өтуі керек.

Бірінші кезеңде қатысушылар қазақстандық авторлардың кітаптарын оқиды. Екінші кезеңде қазақ тілінде жазатын, бірақ Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын авторлардың және орыс тілінде жазатын ТМД елдері авторларының кітаптары оқылады. Үшінші кезеңде қазақ және орыс тілдеріне аударылған шетелдік авторлардың кітаптары ұсынылады.

Финалистер үш кезеңде жинаған ұпайлардың жалпы саны бойынша анықталады. Шешуші финалдық кезең офлайн нысанда Л.Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында, Ы.Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында, орталық қалалық және аудандық кітапханаларда өтеді және жүлделі орындар оқылған барлық үш кітап бойынша берілген тақырыпқа эссе жазу нәтижелері бойынша бөлінеді.

Кітап оқып, сыйлық алыңыздар. Барлығыңызға сәттілік тілейміз!

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жаңа кітаптар - оқырман игілігіне



Құрметті оқырмандар, кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптармен таныстыру мақсатында «Жаңа кітаптар-оқырман игілігіне» атты жаңа кітаптарға шолуды назарларыңызға ұсынамыз!

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Терроризм мен экстремизм – ғасырлық індет


Құрметті оқырмандар, терроризм мен экстремизмнің қоғамға тигізер қауіптілігі туралы ақпарат беру мақсатында ұйымдастырылған «Терроризм мен экстремизм – ғасырлық індет» атты экспресс көрмеге шолуды назарларыңызға ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Көрме - арнау

Құрметті оқырмандар, жазушы Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толуына орай «Ұлт тарихын ұлықтаған ұлы адам» атты көрме-арнауды назарларыңызға ұсынамыз.



көрме-арнау



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Ғасырдың дара перзенті

Қазақтың бас ақыны, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Осы орайда қызмет көрсету бөлімінде құрылған «Ғасырдың дара перзенті» тақырыбындағы жылдық көрме оқырман назарында.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Кітаппен бірге өсеміз

Балаларға қызмет көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен «Кітаппен бірге өсеміз» айдары бойынша «Жалқаудың жазасы» атты кітабымен танысуды ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Сахара сазының сайыпқыраны


Құрметті оқырмандар!  
Өнер секторында Халық  
Қаһарманы, әйгілі сазгер,  
дәулескер күйші,  
дирижёр Нұрғиса  
Тілендиевтің 100  
жылдығына арналған  
«Сахара сазының  
сайыпқыраны» атты  
кітап көрмесі ұйымдас-  
тырылды. Көрмеде ұлы  
сазгердің өмірі жайлы  
баяндап, шығармашы-  
лығы жайлы сыр  
шертетін басылымдар, ән  
–күй жинақтары,  
фотошежірелер  
қойылған. Сіздерді жыл  
бойы жұмыс жасайтын  
көрмемен танысуға  
шақырамыз.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## 2024 жылғы жұмыс қорытындысы және 2025 жылғы жоспары

Бүгін Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы басшысының төрағалығымен бағынысты ұйымдардың басшыларының 2024 жылғы жұмыс қорытындысы тыңдалып, 2025 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Жемқорлық - індет, күресу - міндет

Құрметті оқырмандар, сіздердің назарларыңызға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарымен танысу, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, әділдікке тәрбиелеу мақсатында «Жемқорлық – індет, күресу – міндет» атты бейне сабағын ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Оқы және Жең

2025 жылдың 1 ақпанында өтетін «ОқыЖәнеЖең» оқу бойынша ІІІ облыстық онлайн кітап оқу байқауы Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашылары А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының 4 «А» сынып оқушыларымен жарнамалық әңгіме өткізді. Әңгімелесу барысында байқау туралы толық мәліметтерді қамтитын ақпараттық парақтар таратылды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Оқы және Жең

Қызмет көрсету бөлімі Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жатақханасында ІІІ облыстық «ОқыЖәнеЖең» онлайн байқауына қатысушыларды тарту мақсатында насихат жұмыстарын жүргізді.



HAPPINESS

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Кітап оқы да, ұтып ал



Өнер туралы әдебиеттер секторының қызметкерлері «ОқыЖәнеЖең» облыстық онлайн-байқауын насихаттау, байқауға қатысушыларды тарту мақсатында қала көшелерінде «Кітап оқы да, ұтып ал» кітапханалық десантын өткізді. Іс-шара барысында қала тұрғындарына конкурстың ережелері мен шарттары түсіндіріліп, ақпараттық буклеттер таратылды.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым



Сыйлық ретінде кітаптар.

Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы КММ пенитенциарлық жүйемен ынтымақтастық аясында 200 дана әдебиетті ҚАЖК «ҚК№41» РММ түзеу мекемесіне сыйға тартты. Бұл кітаптарды, негізінен қазақ және орыс тілдеріндегі көркем әдебиеттерді қала тұрғындары өздерінің жеке қорларынан кітапхана қорына тапсырды. Бұл кітаптарды оқу өмірде қиын жағдайға тап болған адамдардың көңілін көтереді деп үміттенеміз.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым


## Шебер қолдар

Балаларға қызмет көрсету бөлімі «Шебер қолдар» үйірмесі бойынша «Көңілді қыс» сурет сабағын кітапхана оқырмандарымен өткізді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Оқы және Жең




2025 жылдың 1 ақпанында өтетін «ОқыЖәнеЖең» ІІІ облыстық онлайн кітап оқу байқауы бойынша балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашылары № 2 жалпы білім беретін мектебінің оқушыларымен жарнамалық әңгіме өткізе отырып, байқау ережесімен таныстырды және қосымша ақпараттық парақтар таратылды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## "Бір ел - бір кітап - 2025"

Құрметті оқырмандар, «Бір ел-бір кітап – 2025» акциясы аясында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Тәкен Әлімқұлов пен Жұмекен Нәжімеденовтың шығармаларын насихаттау мақсатында «Жыл таңдауын бірге оқиық!» атты көрме-арнауды назарларыңызға ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Ұлттың ұлы тұлғалары

Оқу залы бөлімінде «Ұлттың ұлы тұлғалары» атты кітап көрмесінің ашылу салтанаты өткізілді. Көрмеде қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгерлердің өнегелі өмірі мен ғибратты істерін баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Тағылымды шарада Арқалық қаласының құрметті азаматы, Еңбек ардагері Жиенбай Қ. ойшылдардың өміршең өмірі мен еңбектері жайлы баяндаса, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Арқалық педагогикалық институтының құрметті профессоры – Абдуллина А.Ә. қазақ қоғамының біртуар перзенттерінің зерттелуі жайлы ой тарқатып, жазушы, журналист Ә.Абдуллиннің жеке мұрағатынан алынған



Алаш арыстарының көзін көрген

Г.Міржақыпқызының жазған хаттарын және естелік суреттерін кеш қонақтарының назарына ұсынды.

Сондай-ақ, айтулы шараға М.Дулатұлының ұрпағы, Ы.Алтынсарин атындағы

Арқалық педагогикалық институтының 3-курс студенті Ж.Есімсеріұлы қатысып, Алаш арысына

қатысты алдағы уақытта атқарылатын көлемді

жоспарларымен бөлісті.

Хакім Абайдың өлеңдерін АРПИ-ның студенті Елубай Д.нақышына келтіре орындап берсе, М.Дулатұлы атындағы әдеби-мәдени бірлестігінің жастары Алаш қайраткеріне арналған жалынды жырларын оқыды. Көрме жыл бойына қызмет көрсететін болады.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Оқы және Жең

Құрметті оқырмандар, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған Қостанай облыстық «Оқы және Жең» онлайн байқауының II кезең жеңімпазы Алмат Лунарамен «Кітап оқу – жетістікке апарар жол» атты сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Он жылға ұласқан ойран



Оқу залы кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Қазтұтынуодағы Арқалық көпсалалы колледжі» мекемесінде Ауған соғысында опат болған боздақтар рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге, қайсар жауынгерлер ерлігін үлгі ету, соғыс ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Он жылға ұласқан ойран» атты ерлік сағаты

өтті.

Іс-шара барысында Ауған соғысына қатысқан жауынгерлердің ерліктері туралы баяндайтын әдебиеттер мен мерзімді басылымдардан құралған кітап көрмесі оқырмандардың назарына ұсынылып, таныстырылды. Сондай-ақ, тағылымды шарада Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлдың өлеңдері оқылып, оқырмандар Ауған соғысы жайлы тарихи мағлұматтарға негізделген викториналық сұрақтарға жауап берді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Батырлық аты - Ауғанстан

Балаларға қызмет көрсету бөлімі оқырмандарды Отансүйгіштікке, ерлікке баулу және Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында «Батырлық аты – Ауғанстан» атты патриоттық сағатын «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің психоневрологиялық ауруы бар, мүгедектігі бар балалардың күндізгі болу бөлімшесінің тәрбиеленушілерімен өткізді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Кітапханаға кітап сыйла

Құрметті оқырмандар! 14 ақпан мен 14 наурыз аралығында сіздерді Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла! Подари библиотеке книгу!» акция аясында өздеріңіз оқыған кітаптарыңызға екінші өмір сыйлай аласыз! Кітапхана сіздер сыйлаған әдебиетті ризашылықпен қабылдайды және сіздің кітаптарыңыз оқырмандарымызды үлкен қуанышқа кенелтеді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Қазақ әдебиетінің кемеңгері

Жазушы Сәбит Досановтың туғанына 85 жыл толуына орай Арқалық политехникалық колледжінің студенттерімен «Қазақ әдебиетінің кемеңгері» тақырыбында әдеби сағаты өткізілді. Іс-шара барысында қаламгердің өмір жолы мен шығармашылығы насихатталды.

Шығармашылық иесінің қаламынан туған құнды жинақтарымен танысқан студенттер арнау өлеңдерін оқып, сұрақ-жауап тапсырмаларын орындады. Оқырмандар жазушының мол мұрасын танып білуде білімдерін ортаға салды.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Ең үздік кітап көрмесі

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген, қазақ халқының ұлы ойшылы, кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Ең үздік кітап көрмесі» байқауы өз мәресіне жетті. Бұл байқау ұлы Абайдың шығармашылығын насихаттау, оқырмандарды әдеби құндылықтарға жақындата түсу және кітапхана ісін жандандыру мақсатында өтті. Байқауға қызмет бөлімдерінің кітапханашылары белсене қатысып, Абай шығармашылығына

арналған көрнекі, мазмұнды және креативті көрмелер ұсынды. Көрмелерде ақынның кітаптары, қолжазбалары,



зерттеулер мен

суреттер қойылып, заманауи жасанды интеллект қолданылды. Бұл шара жас ұрпақтың рухани азық алуына, кітапхана мәдениетін дамытуға және Абай мұрасын жаңа қырынан тануға үлкен мүмкіндік береді.

Байқау қорытындысы бойынша әр көрме өзіндік ерекшелігімен, шығармашылық ізденістерімен және көркемдік безендірілуімен бағаланып, ең үздік көрмелер марапатталып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Абай мұрасын дәріптеуге қосқан зор үлестері үшін әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жыр алыбы – Жамбыл

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын оқырман жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйуге, оны бағалай білуге ұғындыру мақсатында «Жыр алыбы – Жамбыл атты поэтикалық слэм Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің 5, 6 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларымен өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Оқы және Жең



«Оқы Және Жең» ІІІ облыстық онлайн байқауының бірінші кезеңінде таңдалған кітаптарын таныстыру мақсатында кітапхана қызметкерлері қала тұрғындарына экспресс-викторина және сауалнама жұмыстарын жүргізді.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## "Өмірі – өнеге, өнері – үлгі"

«Қазына» халықтық хорының жетекшісі болған, Қазақ еліндегі хор өнерінің негізін қалаушы атақты композитор Бақытжан Байқадамовтың талантты шәкірттерінің бірі, Арқалық қаласы мәдениет саласының ардагері, 2015 жылғы «Жыл адамы» атағының иегері, музыка маманы, ұстаз Әмина Сарманқызының туғанына биыл 80 жыл толып отыр.

№ 2 ОӘФК-ның ұйымдастыруымен Әмина Сарманқызының өнегелі өмірі мен ғибратты істерін насихаттау мақсатында «Өмірі – өнеге, өнері – үлгі» атты еске алу сағаты өткізілді.



Аталған іс-шараға Әмина апамыздың өнерде қатар жүрген әріптестері, өнерде ізін қуған шәкірттері, сондай-ақ, Арқалық қаласының құрметті азаматтары шақырылды. Ақын Мұқият Қойшыбайұлының арнауымен ашылған кеште «Қазына» халықтық хорының орындауында Ш.Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақтаңы» әні, сондай-ақ, айтыскер ақын Қ.Әбілдің «Бала махаббаты» әні шырқалды. Өнер саласының ардагерінің өмірінен үзінділер көрсетіліп, домбырадан күмбірлеген күй төгілді.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Сахара сазының сайыпқыраны



Өнер секторында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының тарих және өнер факультеті студенттеріне экскурсия өткізілді. Экскурсия барысында студенттер сазгер, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің туғанына 100 толуына орай ұйымдастырылған «Сахара сазының сайыпқыраны» тақырыбындағы жылдық көрмемен танысты.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Бүгінгі күн – кешегі еңбектің жемісі



Құрметті оқырмандар, «2025– Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын көрсетіп, беделін арттыру мақсатында Арқалық қаласының құрметті азаматы, Еңбек ардагері Жиенбай Қайырден Тұрсынбайұлымен «Бүгінгі күн – кешегі еңбектің жемісі» атты сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Бәрінен де сен сұлу

№ 2 ОӘҒК-ның ұйымдастыруымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Бәрінен де сен сұлу» атты әдеби-музыкалық кеш өткізілді.

Аталған іс-шараға Арқалық қаласындағы Аналар кеңесінің мүшелері шақырылды. Ақын Қ.Әбілдің «Бала махаббаты» әнімен ашылған кеште ардақты аналарға арналған әуезді әндер шырқалып, би биленді. Ана тақырыбында қалам тербеген ақындардың өлең-жырлары оқылған әдемі кеште Б.Аяғанқызы сөз алып, ұлт ұйытқысы болып саналатын аналардың қоғамдағы орны мен рөлі жайлы ой тарқатты.

Сондай-ақ, тағылымды шарада бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін ақ жаулықтылар әуезді әндерін нақышына келтіріп орындап берді.

Кеш соңында кітапхана басшысы С.Ахметқызы құттықтау сөз сөйлеп, гүл шоқтары табысталды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Қазақ рухын оятқан тұлға



5 наурызда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық музейде Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Қазақ рухын оятқан тұлға» атты көрме мен дөңгелек үстел өтті.

Алқалы жиынға белгілі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақынның туыстары, Қостанай облысының делегациясы мен Астана қаласындағы М. Дулатұлы атындағы мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Қостанай облысы әкімі орынбасары Арман Әбеннов мерейлі датаның аясында облыс көлемінде Алаш арысының елге сіңірген еңбегін атап өтіп, мұрасын халық арасында насихаттауға бағытталған 140 іс-шара ұйымдастырылатынын жеткізді.

Қатысушылар Міржақып Дулатұлының ағартушылық-мәдени тұрғыдан халыққа қызметін саралап, тарихи сананы жаңғыртуға қосқан үлесі мен ғылыми ізденістеріне тоқталды.

«Ұлы Дала өркениеті күйреп жатқан кезде, ақын-жыршылар мемлекеттілігімізден айрылып, бодан болдық деп айтып жүрген кезде ұлтымыздың рухани жаңғыруын жасаған осы Алаш зиялылары еді. Міржақып сынды қайраткерлер қазақты саяси ұлтқа айналдырған тұлғалар. «Қазақ рухын оятқан тұлға» дегеніміз көркем сөз емес, бұл нақты факт», - деп атап өтті ҚР Мәжіліс депутаты, тарих ғылымдары докторы Еркін Әбіл.

Іс-шара «Торғай Жангелдин музейлер кешені» КММ-мен бірлесіп ұйымдастырылып отыр. Экспозицияда М. Дулатұлының отбасына байланысты жәдігерлер жұртшылық назарына алғаш рет ұсынылып отыр. Экспозицияда фото және архив құжаттарымен қатар М. Дулатұлы мен әйелі Ғайнижамалдың жеке заттары, балалары Әлібек пен Гүлнәрдің жеке заттары, сондай-ақ отбасында қолданған тұрмыстық заттар бар.

Көрме Ұлттық музейдің 6-қабатындағы көрме залында 27 сәуірге дейін жалғасады.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Кітаптардың таңғажайып әлемі

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай ұйымдастырылған іс-шараны жалғастыра отырып, оқырмандарды кітап оқуға баулу және әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, кітапхана қорына жаңадан түскен әдебиеттерді жарнамалау мақсатында «Кітаптардың таңғажайып әлемі» атты феерия Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектебі және А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназия оқушыларының қатысуымен өткізілді.



HAPPY

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Абай мұрасы – қазақ поэзиясының шыңы

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде 12 наурыз күні қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай мұрасы – қазақ поэзиясының шыңы» атты қалалық Абай оқулары байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты оқырмандарға ақынның даналығын, асыл мұрасын насихаттап кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Қазылар алқасының шешімі бойынша «Жүйріктен жүйрікозар жарысқанда» номинациясын

А.Құнанбаев атындағы мектеп гимназиясының 5-сынып оқушысы Берікқызы Інжу, «Білімдіден шыққан сөз» номинациясын Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 5-сынып оқушысы Кәки Айбибі, «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» номинациясын №8 негізгі орта мектебінің 5-сынып оқушысы Мухамбетжанова Аяулым иеленді. «Қара сөзді қадірлеген» номинациясын Кейкі батыр атындағы

№ 4 жалпы білім беретін мектебінің 5-сынып оқушысы Қожагелді Гүлдана және Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 6-сынып оқушысы Нұрхан Асылым иеленсе, «Көркем сөз шебері» номинациясын Б.Майлин атындағы № 3 жалпы білім беретін мектебінің 6-сынып оқушысы Абзалқызы Назым және Ш.Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебінің 5-сынып оқушысы Төлеу Гүлбазар иеленді. «Көрермен көзайымы» номинациясын А.Құнанбаев атындағы мектеп гимназиясының 3-сынып оқушысы Думанова Айзере және А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының 4-сынып оқушысы Құлмұрат Інжу иеленді.


Байқау жеңімпаздары сыйлықтарға ие болып, барлық қатысушылар, ұстаздар дипломдармен марапатталды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Шәмші – қазақ вальсінің королі

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде ән әлеміне жарық жұлдыздай сәуле шашып, қазақ вальсінің королі атанған композитор Ш.Қалдаяқовтың 95 жылдық мерейтойына арнап Шәмші әндерін оқырмандарға насихаттау арқылы оқырмандарды сұлулыққа, әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Шәмші – қазақ вальсінің королі» атты ән-думан А.Құнанбаев атындағы мектеп гимназия, Ы.Алтынсарин атындағы гимназия, Ш.Уәлиханов



атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің оқушыларымен өткізілді.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым



Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Арқалықтағы әлеуметтік нысандардың инфра-құрылымын жақсарту соның ішінде жаңа типтік кітапхана салу жөнінде мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова ұсыныстарын айтқандығы жөнінде ақпарат Арқалықтағы елдің құлағына жеткелі бері қуаныштарын бір-бірімен бөлісіп жатқан жайы бар. Себебі 50 жылдан астам тарихы бар Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұзақ жылдар көрмей тұрғанын ескерсек, бұл жаңалық үміт

жөндеу  
отын жаккандай болды.

Торғай өңірінде заманауи кітапхана ашу – бұл аймақтың мәдениеті мен білім саласын дамытуға зор ықпал ететін бастама. Сонымен қатар заманауи кітапхана оқырмандар үшін тек кітаптарды оқитын орын ғана емес, білім алуға, шығармашылыққа, жаңа идеяларды жүзеге асыруға арналған орталық болса керек. Сондықтан бүгінгі қуанышымыз ұзағынан болып, көтерілген мәселенің орындалуын тілейміз!

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Армысың, Әз-Наурыз!

Балалар кітап апталығының төртінші күні балаларға қызмет көрсету бөлімінде «Армысың, Әз-Наурыз!» атты фольклорлық мерекеге жалғасты. Бұл іс-шара «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің қатысуымен өткізілді. Оларға Наурыз мерекесінің қасиетін ұғындырып, 14 наурыз – Көрісу күні, яғни Амал күні сахналық қойылым арқылы түсіндірілді. Көріскен қонақтар бір-біріне «Бір жасыңмен!», «Жаңа жасың құтты болсын!», «Жасың қайырлы болсын!» деген тілектер айтты. Сонымен қатар «Шашбау» рәсімі көрсетіліп, қазақтың салты бойынша нәзік жандының барлығы дерлік қолаң шашқа сән беріп, оюланған шашбау, күмістелген шолпының маңызы түсіндірілді. Іс-шара соңында оқырмандар мерекелік дастарханнан «Наурыз көжеден» дәм татты.



ҚАҒАЗДЫҢ 24 2020

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Салт-дәстүрім – сан ғасырлық саф мұрам




№ 2 ОӘФК-ның ұйымдастыруымен 14 наурыз «Көрісу күні» мерекесіне орай, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының № 1 студенттер үйінде «Салт-дәстүрім – сан ғасырлық саф мұрам» атты этноринг өткізілді. Өз-Наурыздың алғашқы мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған тағылымды шарада ақ дастархан жайылып, жиынға қатысушылар наурыз көжеден дәм татты. Мерекеге орай ұлттық ойын түрлерінен, атап айтқанда «Арқан тартыс», «Қол күресу» сынды жарыстар ұйымдастырылып, кешке жиналғандар қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне негізделген сұрақтарға жауап берді.

Мерекелік шара барысында әсем әндер шырқалып, ұлтымыздың таза болмысын бейнелейтін «Қара жорға» биі биленді. Ел жадында сақталған «Көрісу», «Бесікке салу» салтынан көрініс көрсетіліп, шашу шашылды және наурыз батасы берілді.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРШЫ  
БОЛҒАН НАУРЫЗЫМ!



Библиоквиз



Наурыз

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында кітапханамыздың тұрақты оқырмандарымен «Жақсылыққа жаршы болған Наурызым» атты библио-квиз ұйымдастырылып, кітап көрмесіне шолу жасалынды.

Іс-шара барысында наурыз мейрамының шығу тарихы және ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында түсінік беріліп, ұлттық дәстүрдің ерекшеліктері таныстырылды. Студенттер «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Ұлттық тағамдары», «Ұлттық ойындары» сынды сұрақтарға жауап іздеп, өз білімдерін ортаға салды.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## 18 наурыз - Ұлттық киім күні.

Бұл күн - қазақы рух пен сәннің үндестігін көрсетер, ұлы мұраға деген құрметті артырар маңызды күн. Ғасырлар бойы тамырын үзбей, ұлтымыздың бойына жарасымды көрік сыйлаған ұлттық киімімізді киюді сәнге айналдырып, оны мақтан тұтайық! Өйткені ұлттық киім – ұлттың жаны, ұлттың рухы.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Өз ісінің үздігі

Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында кітапхана ісінің ардагері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Жанғалиева Роза Жылқыбайқызымен «Өз ісінің үздігі» атты кездесу кеші өтті.

Роза Жылқыбайқызы 40 жылдан астам уақыт кітапхана саласында абыройлы қызмет атқарып, руханият ордасындағы барлық міндеттерін жоғары жауапкершілікпен атқарған өз ісіне деген махаббат пен құштарлық көрсете білген тұлға. Кештің мақсаты қаламызда кітапхана саласына өз үлесін қосқан жанмен жақынырақ танысу, өмірі мен еңбек жолынан сыр шерту, жетістіктерін келешек ұрпаққа үлгі ету.

Кітапхана ісінің үздігімен өткен кешке Арқалық қаласындағы №2 әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Алматова Сәуле Ахметқызы, Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің басшысы Дәмет Есенжолқызы және т.б. құрметті қонақтар қатысып, өз лебіздерін білдіріп, сыйларын табыстады.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Жақсылықтар жиынтығы - әз-Наурыз



қызметкері Аскапова Калима Мағзумқызына қала әкімінің алғыс хаты табысталды.

Наурыз мейрамы қарсаңында Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасында «Жақсылықтар жиынтығы – әз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекеге орай қазақтың «Теңге алу», «Сақина салмақ» сынды ұлттық ойындарынан жарыстар ұйымдастырылып, кешке жиналғандар қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, ырым-тыйым сөздеріне негізделген сайыстарға қатысты.

Күмбір күй төгіліп, әсем ән шалқыған думанда «2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жемісті еңбегі үшін кітапхананың кіші



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Халқын оятқан қаламгер

Әз-Наурыз мейрамы қарсаңында, Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Наурыз» алаңында ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларымен бірлесіп қазақ халқының азаттығы үшін күрескен, ұлттық баспасөзіміздің ұйытқысы болған ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері М.Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Халқын оятқан қаламгер» атты жылжымалы кітап көрмесі оқырмандар мен келушілердің назарына ұсынылды.

Алаш қайраткерінің еңбектерін зерделеп – зерттеу, оның қазақ әдебиеті мен баспасөздің дамуына қосқан үлесін оқырмандарға насихаттау мақсатында ұйымдастырылған көрмеде қаламгердің қазақ баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен өмір жолы туралы тереңнен сыр шертетін әдебиеттер қойылды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Сөз құдіреті



Арқалық қаласындағы №2 әмбебап ғылыми кітапханасының балаларға қызмет көрсету бөлімінде XII Облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауы 12-13 жастағы балалар арасында өтті. «Сөз құдіреті» байқауына 17 оқушы қатысты. Байқау Ұлттық кітап күніне және Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай ұйымдастырылған. Байқауға

қатысу үшін шығармаларды таңдау 2022, 2023, 2024 жылдары шыққан «Таза бұлақ» жинағына енген авторлардың шығармаларымен шектеледі. Байқаудың мақсаты мен міндеттері: «Таза бұлақ» жинақтарын насихаттау, жасөспірімдерді заманауи қазақстандық авторлардың мәдени және зияткерлік дамуына ықпал ететін шығармалармен таныстыру және оқырмандар арасында оқуды насихаттау, оқитын балалардың мәртебесін арттыру, көркем сөз жанрына ие талантты оқырмандарды анықтау, қолдау және ынталандыру.

Мәнерлеп оқу байқауында екінші орынды Ш. Уәлиханов атындағы

№1 жалпы білім беретін мектеп оқушысы Тұрақ Нұрперзент иеленсе, ал үшінші орынды Ы. Алтынсарин атындағы гимназия оқушысы Жақан Нұрислам алды. Актерлік шеберлігі мен орындауы жоғары бағаланған Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектептің 7 «Ә» сынып оқушысы Тұрмағамбетова Арайлым бірінші орынды жеңіп алды. «Таза бұлақ» жинағынан автор Әдина Жүсіптің «Тентек қонжық» ертегісінен қонжықтың рөлін сомдады. Байқауға қатысқан оқырмандар мақтау қағазы және сыйлықтармен марапатталды. Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өтетін XII Облыстық «Сөз құдіреті» байқауына Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектептің 7 «Ә» сынып оқушысы Тұрмағамбетова Арайлым жолдама алды.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Дархан дала дарыны



Әдебиет әлемінде өзіндік орны бар қаламгер ақындық қуаты мен публицистикалық шеберлігі үйлескен көрнекті тұлға Серікбай Оспановтың 80 жас мерейтойына арналған «Дархан дала дарыны» атты поэзия кеші өткізілді. Арнау өлеңнен бастау алған кеш барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы бейнежазба тамашаланып, жыр шумақтары оқылды. Сонымен қатар ақынның сөзіне жазылған, қазақ музыкасының алтын қорына

енген «Сағындым Алматымды» әні шырқалып, кештің сәнін келтіре түсті.

Кешімізге Республикалық айтыстар мен жыр мүшәйраларының жүлдегері Б.Сағынтаев пен жас айтыскер ақын Е.Әуезхан қатысып, ақын жайлы әңгіме, жырларымен бөлісті. Іс-шараға Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері қатысты.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Библиотека - аптека для души

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде «Аялы алақан» жобасы аясында Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арқалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет алушыларымен «Библиотека – аптека для души» атты экскурсия өткізілді.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Міржакып Дулатұлы: Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі



14 сәуір күні Ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің ұйымдастыруымен қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ұлт руханиятының ірі тұлғасы, ақын-публицист, Алаш қозғалысының қайраткері Міржакып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай «Міржакып Дулатұлы: Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі» атты аймақтық зерделі кеңес өткізілді.



Мақсаты: Міржакып Дулатұлының мұрасын өскелең ұрпаққа ұлықтап, оның өмірі мен шығармашылығын насихаттау. Жангелді, Амангелді, Арқалық ОКЖ кітапхана қызметкерлері және Арқалық қаласындағы білім беру мекемелерінің кітапханашылары. Аймақтық зерделі кеңесте Жангелді ОКЖ кітапханашысы Батырова В. Ч., Амангелді ОКЖ библиографы Аубакирова А.Қ., Арқалық қаласының ОКЖ кітапханашысы Тұрсынбек С.С., №2 ОӘҒК библиографы Жұмағалиева М.Ғ., кітапханашылары Айтбаев Е.Ж., Қабдыбек Е.Б. М.Дулатұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі зор мұрасын қамтитын мазмұнды баяндамалар оқыды. №2 ОӘҒК ұйымдастырған «Қазақ рухын оятқан тұлға» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, баяндамашыларға Алғыс хаттар табысталды.

# Кітапхана тынысы қантар – маусым Кел, балалар, оқылық!

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде «Кел, балалар, оқылық!» жобасы аясында «Сказочная страна Андерсена» атты ертегі викторина Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының 6 «Д» сынып оқушыларымен өткізілді.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## 23 сәуір - Ұлттық кітап күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні мерекесіне орай, кітапханамызда өткен Ашық есік күнінде, танымдық және тәрбиелік мәні зор, мазмұнды, рухани шаралар кітаптың адам өміріндегі маңызын ұғындыру, оқырмандардың сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында өткізілді. Ашық есік күні кітапханамызға келген оқырмандар «Жаңа кітаптар әлемінде» библио-дебютімен танысты. «Кітап – әлемді танудың ең жақсы жолы бола ала ма?» атты пікірсайысқа «Ақиқат» дебат клубының мүшелері мен №4 мектептің оқушылары қатысты.

ARF форматында өткен тартысты пікірсайыс барысында қатысушылар өз ойларын жүйелі жеткізіп, тың тұжырымдарымен көзге түсті. «Кітап, Тарих, Шежіре» тақырыбындағы әдеби квестке Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің

студенттері қатысты. Студенттер түрлі танымдық тапсырмаларды орындап, кітап әлемін жаңа қырынан таныды. «Танымал әннің тарихы» сторителлинг Н.Тілендиевтің «Әлқисса» күйімен басталып, «Саржайлау» әнінің тарихымен жалғасты. Шара барысында Арқалық қаласындағы «Әжелер» кеңесінің төрайымы Жанақбаева С.К. Нұрғиса әндерінің тарихымен бөлісті. Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері атсалысып, өз өнерлерін көрсетті.

Ашық есік күнінде белсенділік танытқан оқырмандарымызға марапаттар табысталды. Бұл іс-шаралар кітаптың өмірдегі маңызын дәріптеп, құндылығын жеткізу, жастардың рухани әлемін байытуға бағытталды.

Сонымен қатар, Ұлттық кітап күніне орай әлеуметтік желіде оқырмандарға кітап әлемінің рухани қазынасынан нәр алып, сөз сырын ұғынуға, тарихты танып-білуге шақыратын жарнамалар ұсынылды.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Оқы Және Жең

№2 ОӘФК Оқу залы бөлімінің кітапханашылары ІІІ облыстық «Оқы Және Жең» онлайн-байқауына қатысушыларды тарту мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №7 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де насихат жұмыстарын жүргізді. Шарада оқырмандарға өңірімізде бастау алған жоба жайлы ақпараттар беріліп, байқауға ұсынылған кітаптар бойынша сауалдар қойылды және тренинг өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Біздің сүйікті оқырмандарымыз


Құрметті оқырмандар, Ұлттық кітап күніне арналған «Біздің сүйікті оқырмандарымыз» -«Наши любимые читатели» атты фотокөрмені назарларыңызға ұсынамыз. Фотокөрменің мақсаты кітап пен оқуды насихаттау, оқуға деген ынтаны дамыту.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Достық туы тігілген күн сәулелі – Қазақстан!

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі мен татулығының маңыздылығын ұғындыру, ұлтаралық достықты нығайту, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді насихаттау мақсатында «Достық туы тігілген күн сәулелі – Қазақстан!» атты этнографиялық көрме таныстырылымы «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің қатысуымен өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Елдіктің күші – бірлікте

Оқу залы бөлімінің ұйымдастыруымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай, ұлттық қарым-қатынас пен халықтар арасындағы достықты нығайту мақсатында «Елдіктің күші – бірлікте» атты мерекелік кеш өткізілді. Аталған іс-шараға Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің 1 курс студенттері қатысты. Еліміздің ұлттық әнұранымен ашылған кеште «Бейбітшілік сахналары», «Қазақ елі осындай», «Өзбегім» сынды әуезді әндер шырқалып, би биленді. Күмбір күй төгілген думанда ынтымағы мен достығы жарасқан ұлт өкілдері туған тілдерінде мерекеге деген ақжарма тілектерін арнады. Кеш соңында кітапхана басшысы С.Ахметқызы құттықтау сөз сөйлеп, кеш қатысушыларына жылы лебізін білдірді.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Оқы Және Жең



III облыстық «Оқы және жең» онлайн байқауының үшінші кезеңінде таңдалған Халед Хоссейнидің «Батпырауық қуған бала» шығармасын оқырмандарға таныстыру мақсатында «Сен үшін сан мың рет!» тақырыбында студенттермен кітап талқылау өткізілді.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жауынгерлерге рух берген майдан әндері

Өнер бөлімінің ұйымдастыруымен 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Жауынгерлерге рух берген майдан әндері» атты музыкалық кеш өткізілді. Іс-шара барысында соғыс жылдарында, тылда және бейбіт кезеңде жазылған патриоттық әндердің тарихы баяндалып, олардың маңыздылығы атап өтілді. Кеш барысында Арқалық қаласындағы «Аналар кеңесінің» төрайымы Бақытжамал Аяғанқызы мен «Ұзақ өмір сүру» орталығының мүшесі Қарәріп Мақсұтбек сөз алып, Жеңіс жайлы тағылымды ойларын білдірді. Іс-шарада жауынгерлерге рухани қуат берген әндер орындалып, көрермендерді патриоттық рухқа толы әсерлі сәттерге бөледі. Кеш соңында белсене атсалысқан оқырмандарға алғыс хаттар табысталды.



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Мәңгі өшпес ерлер есімі



Оқу залы кітапханашыларының ұйымдастыруымен 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Мәңгі өшпес ерлер есімі» атты тарихи кеш өткізілді. Аталған іс-шараға Ұлы Отан соғысының қасіретін бастан кешкен, ауыртпашылығын қара нардай көтере білген майдан және тыл ардагерлерінің ұрпақтары –

Нұржанов А.Қ., Абдуллина А.Ә., Бапақова С.М., Абдрахманов Ж.М. шақырылды. Тарихи күнге орай ұйымдастырылған кеште қонақтар

зұлмат жылдар мен елге аман-есен келіп, туған жерді түлетуге жан-тәнімен атсалысқан майдангерлер жайлы ой тарқатты.

Тағылымды шарада Ұлы Жеңіске арналған әуезді әндер шырқалып, қойылым қойылды. Соғыстың сұрапыл жылдары мен майдангер аталарымыздың қиын да ерлікке, қарама-қайшылыққа толы жолдары жайлы сыр шертетін әдебиеттерден тұратын «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты жылдық кітап көрмесі кешке қатысушылардың назарына ұсынылып, таныстырылды.

Кеш соңында кітапхана ісі жөніндегі басшының орынбасары Смагулова Ж.Қ. қорытынды сөз алып, кеш қонақтарына кәдесыйлар табыстады.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Ең жақын досым – кітап

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Ең жақын досым – кітап» атты саяхат-ойын кітапхана оқырмандарымен өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Жұмақтың иісі бар жаулығында



№2 ОӘҒК-ның ұйымдастыруымен «Аналар күні» мерекесіне орай, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі студенттерінің қатысуымен «Жұмақтың иісі бар жаулығында» атты ой-толғау сағаты өтті.

Мерекелік кештің қонақтары – өмірінің мәні мен мақсатына айналған балаларының бақыты үшін тер төгіп, ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосқан «Алтын алқа» иегерлері, Арқалық қаласындағы «Әжелер» кеңесінің төрайымы С.Қ. Жанақбаева мен А.К.Есілбаева аналарымыздың жүрекжарды әңгімелері әрбір тыңдаушының жүрегінде із қалдырды. Кеш барысында қос анамыз жас ұрпаққа бала тәрбиесі туралы ақыл-кеңестерімен бөлісіп, көпбалалы отбасы болудың қызықтары мен қиындықтары жайлы баяндап берді. Ана тақырыбында қалам тербеген ақындардың өлең-жырлары оқылып, әуезді әндер шырқалған кеште «Аналар» кеңесінің мүшесі Нұрғалиева Күләйхан қажы анамыз сөз алып, абзал аналарымыздың қоғамдағы орны мен рөлі жайлы мәселелерге тоқталып, ой тарқатты. Кеш соңында қонақтарға кәдесыйлар тарту етіліп, кітапхана басшысы С.Ахметқызы аналарымызды мерекелерімен құттықтап, ризашылығын білдірді.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Балаңызбен бірге кітап таңдаңыз!

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Балаңызбен бірге кітап таңдаңыз!» атты отбасылық кітап оқу іс-шарасы кітапхана оқырмандарымен өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Қазақ рухын оятқан тұлға

Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ өткізген, «Міржақып Дулатұлының тәлімдік мұраларындағы мәдени-ағартушылық құндылықтары» атты ғылыми-практикалық конференция аясында, №2 ОӘҒК-ның ұйымдастыруымен, ұлттық сананы ояту жолында жанын пидә еткен қазақтың асыл арысына арналған «Қазақ рухын оятқан тұлға» атты жылжымалы кітап көрмесі конференцияға қатысушылардың назарына ұсынылды.

Алаш қайраткерінің еңбектерін зерделеп-зерттеу, оның қазақ әдебиеті мен баспасөзінің дамуына қосқан үлесін оқырмандарға насихаттау мақсатында ұйымдастырылған көрмеде қаламгердің қазақ баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен өмір жолы туралы тереңнен сыр шертетін әдебиеттер қойылды.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## День отказа от курения

Жыл сайын 31 мамырда Дүниежүзілік темекісіз күн атап өтіледі. Бұл өз денсаулығымызды қорғап, зиянды әдеттерден бас тартуға үндеу жасайтын маңызды күн. Осы күнге орай «Золотой ключик» бөбекжай қызметкерлерімен «День отказа от курения» RP-акциясы өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Туған қаламның экологиясы



Балаларға қызмет көрсету бөлімінде «Аялы алақан» жобасы аясында Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арқалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет алушыларымен «Туған қаламның экологиясы» атты сурет салу сайысы өткізілді. Мақсатымыз оқырмандардың туған қаласына деген сүйіспеншілігін арттыру және қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетін дамыту. Сайыс соңында белсене атсалысқан оқырмандар тәтті сыйлықтарға ие болып, мадақтамалармен марапатталды.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым



Бүгін Арқалық қаласына іссапармен келген «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Жүсіпов Саят Дәулетұлы №2 ОӘБК қызметкерлерімен кездесіп, кітапханада атқарылып жатқан жұмыстарымен танысты.

# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні. №2 ОӘФК ұжымы әріптестерін лайықты марапаттарымен шын жүректен құттықтайды! Марапат иегерлері – Ермағамбетова Сәуле Ғалымжанқызы, Грибовский Роман Анатольевич.

Құрметті әріптестер, шын жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыздар! Алдағы уақытта да талмай еңбек етіп, шығармашылық табыстарға жете беріңіздер!



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Балалық шақтың сиқырлы елі

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балалық шақтың сиқырлы елі» атты мерекелік бэби-шоу «Ақбота» бөбекжайының бүлдіршіндеріне ұйымдастырылды. Іс-шараға бөбекжайдың барлық топтарының тәрбиеленушілері белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Мерекелік бағдарлама барысында балалар ән айтып, би билеп, ертегі кейіпкерлері Ит, Қасқыр, Тышқан және Аю бүлдіршіндермен ойындар ойнады. Түрлі ойындар мен көңілді қойылымдар көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шараның мақсаты – балалардың бойына патриоттық сезім мен мейірімділік, достық сияқты ізгі қасиеттерді сіңіру, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру болды. Мерекелік іс-шараға белсене қатысқан бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар таратылды.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Мемлекеттік рәміздер – ұлттың айшықты таңбасы

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде 4 маусым – Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттың айшықты таңбасы» атты танымдық көрме таныстырылымы өткізілді.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Үздік әдістемелік құрал

№2 ОӘФК қызметкері Әмірхан Гүлзатты ақын, жазушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Үздік әдістемелік құрал» атты облыстық кәсіби байқауында жүлделі ІІІ орын алуымен кітапхана ұжымы құттықтайды.

Құрметті, Гүлзат Арманқызы! Жетістіктеріңіз көбейе берсін, шабыт пен шығармашылық жолыңыз әрдайым жарқын болсын!



# Кітапхана тынысы қантар – маусым

## Жарқын бейне

Қазақ әдебиетінің алыбы Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына орай Арқалық политехникалық колледжінің студенттерімен «Жарқын бейне» тақырыбында портреттік кеш өткізілді.

Кеш барысында қаламгердің өмір жолы мен өнегелі де өміршең шығармашылығы насихатталды. Жазушының қаламынан шыққан әрбір туындыда ерекше құдіретті күш, терең рухани мағына жатыр. Халықтың ортасынан шығып, елдің ықыласы мен құрметіне бөленген тұлғаның шығармалары келер ұрпаққа рухани азық болып, әдебиетіміздің тарихында мәңгі сақталары сөзсіз.



# Кітапхана тынысы қаңтар – маусым

## Кітап оқымаған бала нәр алмаған шыбықпен тең

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде «Кітап оқымаған бала нәр алмаған шыбықпен тең» атты жазғы оқу бағдарламасына арналған библиодемалыс Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектептің жазғы сауықтыру лагерінің оқушыларымен өткізілді.



# Болашаққа жоспар

## **Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**

Нұрқан Кемешевтің туғанына 95 жыл толуына орай онлайн шолу

Сәбит Досановтың туғанына 85 жыл толуына орай әзірленген библиографиялық көрсеткішке шолу

2025 жылдың «Арқалық қаласындағы атаулы күндер күнтізбесіндегі мерейтой иелері» жайлы библиографиялық шолулар

Сәбит Байзақов 85 жаста библиографиялық көрсеткішке шолу

Әлпия Орманшинаның 70 жасқа толуына орай әзірленген библиографиялық жаднамаға шолу

«Ең үздік кітап көрмесі» байқау

«Қазақстан халқы Ассамблеясы: бірлік пен тұрақтылықтың 30 жылы» библиографиялық көрсеткішке шолу

«Міржакып Дулатұлы: Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі» аймақтық зерделі кеңес

Әсия Беркенованың 75 жасқа толуына орай әзірленген библиографиялық жаднамаға онлайн шолу

Қарлығаш Жақыпбекованың 75 жасқа толуына орай дайындалған библиографиялық жаднамаға шолу

## **Оқу залы**

«Жаңа кітаптар-оқырман игілігіне» жаңа кітаптарға шолу

«Терроризм мен экстремизм – ғасырлық індет» экспресс көрме

«Жемқорлық – індет, күресу – міндет» бейне сабақ

«Ұлттың ұлы тұлғалары» кітап көрмесі

«Он жылға ұласқан ойран» ерлік сағаты

«Бүгінгі күн – кешегі еңбектің жемісі» сұхбат

«Бәрінен де сен сұлу» әдеби-музыкалық кеш

«Салт-дәстүрім – сан ғасырлық саф мұрам» этноринг

«Біздің сүйікті оқырмандарымыз» фотокөрме

«Елдіктің күші – бірлікте» мерекелік кеш

«Мәңгі өшпес ерлер есімі» тарихи кеш

«Жұмақтың иісі бар жаулығында» ой-толғау сағаты

«Қасірет пен тағзым» көрме-реквием

«Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» ақпараттық сағат

«Тазалық қоғамның, қоршаған ортаның айнасы» эко-челендж

### **Өнер бөлімі**

- «Сахара сазының сайыпқыраны» кітап көрмесі
- «Кітап оқы да, ұтып ал» кітапханалық десант
- «Өмірі – өнеге, өнері – үлгі» еске алу сағаты
- «Сахара сазының сайыпқыраны» жылдық көрме
- «Жауынгерлерге рух берген майдан әндері» музыкалық кеш

### **Қызмет көрсету бөлімі**

- «Жүрегі жырдан жаралған» поэзия сағаты
- «Оқы және Жең» насихат жұмысы
- «Ұлт тарихын ұлықтаған ұлы адам» көрме – арнау
- «Ғасырдың дара перзенті» жылдық көрме
- «Қазақ әдебиетінің кемеңгері» әдеби сағат
- «Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!» библио-квиз
- «Дархан дала дарыны» поэзия кеші
- «День отказа от курения» RP-акция
- «Күңгірт жылдар күмбірі» медиа ақпарат
- «Жарқын бейне» портреттік кеш
- «Тәуелсіз елдің қасиетті белгілері» көрме-нышан
- «Нашақорлық – қоғам дерті» шок-сабақ

### **Техникалық қызмет көрсету және бағдарламалық қамтамасыз ету секторы**

- «Оқы және Жең» ІІІ облыстық онлайн байқауын насихаттау
- «Мой путь строителя» сұхбат
- «Война.Победа.Память» мультимедиялық құралға шолу
- «Мы против терроризма» ақпараттық сағат
- «Будущее без коррупции!» ақпараттық сабақ

### **Балаларға қызмет көрсету бөлімі**

- «Мен биыл біріншімін» оқырман бенефисі
- «Кітаппен бірге өсеміз» айдары
- «Шебер қолдар» үйірмесі
- «Оқы және Жең» жарнамалық әңгіме
- «Батырлық аты – Ауғанстан» патриоттық сағаты
- «Жыр алыбы – Жамбыл» поэтикалық слэм
- «Кітаптардың таңғажайып әлемі» феерия
- «Абай мұрасы – қазақ поэзиясының шыңы» қалалық Абай оқулары байқауы
- «Шәмші – қазақ вальсінің королі» ән-думан

«Армысың, Әз-Наурыз!» фольклорлық мереке  
«Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауы  
«Библиотека – аптека для души» экскурсия  
«Кел, балалар, оқылық» жобасы  
«Достық туы тігілген күн сәулелі – Қазақстан» этнографиялық көрме  
«Ең жақын досым – кітап» саяхат-ойын  
«Балаңызбен бірге кітап таңдаңыз!» отбасылық кітап оқу іс-шарасы  
«Туған қаламның экологиясы» сурет салу сайысы  
«Балалық шақтың сиқырлы елі» мерекелік бэби-шоу  
«Мемлекеттік рәміздер – ұлттың айшықты таңбасы» танымдық көрме  
«Кітап оқымаған бала – нәр алмаған шыбықпен тең» библиодемалыс

#### **Кітап сақтау бөлімі**

«Пресс Time» немесе облыстық «Торғай таңы» газетінің беттері бойынша

#### **Жалпы кітапханадағы іс-шаралар**

«Бір ел – бір кітап - 2025» республикалық акциясы  
«Оқы және Жең» онлайн кітап оқу байқауы  
2024 жылғы жұмыс қорытындысы және 2025 жылғы жоспары  
Сыйлық ретінде кітаптар  
«Кітапханаға кітап сыйла» акция  
«Қазақ рухын оятқан тұлға» көрме мен дөңгелек үстел  
Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменованың сұхбаты  
18 наурыз – Ұлттық киім күні  
«Өз ісінің үздігі» кездесу кеші  
«Жақсылықтар жиынтығы – әз Наурыз» мерекелік іс-шара  
«Халқын оятқан қаламгер» жылжымалы кітап көрмесі  
«23 сәуір – Ұлттық кітап күні» ашық есік күні  
«Қазақ рухын оятқан тұлға» жылжымалы кітап көрмесі  
«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Жүсіпов Саят Дәулетұлымен кітапханадағы кездесу  
«21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні» ұжымдағы әріптестерімізді лайықты марапаттарға ие болуымен құттықтау  
«Үздік әдістемелік құрал» облыстық кәсіби байқау  
«Игі жақсылардың ізімен» Жақсылық Жүнісұлының жетінші кітабы кітапханаға сыйға тартылды

*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ*

*Құрастырушы: Жұмағалиева М.Ғ.*

*Редактор: Алматова С. А.*

*Басылымға жауапты: Абжанова Ж. Қ.*

*Компьютерлік терілім: Жұмағалиева М.Ғ.*

*Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62*

*Телефон: 8 (71430) 7 - 09 -16*

*Эл.почта: [arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)*

*Библиодайджестің шығуы*

*Жылына екі рет*

*Таралымы: 5*

*Көлемі: 0,3*

